

А.Е. Алпысбаева^{1*} , **С.А. Ашимханова¹** ,
С.К. Искиндинова² , **А.А. Молдасанова³** 

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

³Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВТЫҢ «АҚСАҚ ТЕМІР СӨЗІ» ӨЛЕҢІНІҢ ЛИНГВОПОЭТИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ОРЫС, АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНЕ АУДАРЫЛУЫ

Мақалада Мағжан Жұмабаевтың белгілі «Ақсақ Темір сөзі» өлеңінің лингвопоэтикасы (текстуалды және экстра текстуалды) және оның орыс, ағылшын тілдеріне аударылу ерекшеліктері қарастырылады. Автор қолданған әрбір сөз бен сөз саны санаулы, әрбір лингвистикалық және экстралингвистикалық элементтің атқарып тұрған қызметі, өзіндік орны, эксплицитті және имплицитті мазмұны бар болатын поэтикалық аударма – көркем аударманың асқар шыңы. Сондықтан поэзия аудармасына әрбір аудармашының батылы жете бермейді. Әсіресе Мағжан Жұмабаев секілді лирик, символист ақынды аудару оңай емес екені анық. Сол себепті зерттеу мақаласының мақсаты ақынның «Ақсақ Темір сөзі» өлеңінің ішкі және сыртқы көркемдік образының орыс және ағылшын тілдеріне аударылу сипатын, тәржіма барысында орын алған аудармашылық трансформациялардың болмысын интерпретациялап, тұжырымдау болып табылады.

Мақалада әлемдік аударматану ғылымында шешімін таппай, талай дискуссияға себеп болған «мәңгілік» мәселелердің бірі – поэтикалық аударманың «мүмкін және мүмкін еместігі» жайлы ғалымдардың ой-пікірлері негізге алынады. Бұл зерттеудің теориялық құндылығын көрсетеді. Орыс тіліндегі екі аударма нұсқасы мен ағылшын тіліндегі аударма түпнұсқамен салыстырмалы түрде текстуалды және экстра текстуалды деңгейде талдауға түсіп, ықтимал болжамдар жасалады. Аудармада орын алған өзгерістер түпнұсқадағы автордың ойы мен интенциясына, сөз саптауына тигізген әсері тұрғысынан қарастырылады. Бұл зерттеудің практикалық құндылығын құрайды.

Нәтижесінде, поэзия аудармашысы түпнұсқа тілі мен аударма тілінен жалпы тілдік құзіретке ғана ие емес, екі жақтың да әдеби-поэтикалық тілі мен мәнерін, мәдени құндылықтар жүйесін, тарихын, тіпті автордың өмір жолы мен шығармашылығын, осы өлеңді жазудағы мақсатын, өмір сүрген заманы мен қоғам ерекшеліктерін алдын-ала танып білуі қажет, бойында ақындық қабілет болуы керек деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: Мағжан Жұмабаев, поэзия, поэтикалық аударма, лингвопоэтика, көркемдік-бейнелеуіш құралдар.

A.Y. Alpysbayeva^{1*}, S.A. Ashymkhanova¹,
 S.K. Iskindirova², A.A. Moldassanova³

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

³International University of Information Technologies, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

Linguopoeics of Magzhan Zhumabayev's poem "Tamerlane's word" and its translation into russian and english languages

The article discusses the linguopoeics of Magzhan Zhumabayev's famous poem "Tamerlane's word" (textual and extra-textual) and the features of its translation into Russian and English. Poetic translation is the pinnacle of literary translation, in which each word and the number of words used by the author are counted in number, each linguistic and extralinguistic element has its own function, its place, explicit and implicit content. Therefore, not every translator dares to translate poetry. It is obvious that translat-

ing a lyric poet and symbolist such as Magzhan Zhumabaev is not so easy. Therefore, the purpose of the research article is to interpret and formulate the nature of the translation into Russian and English of the internal and external artistic image of the poem "Tamerlane's word", the essence of translation transformations that occurred during the translation process.

The article is based on the reflections of scientists on the "possibility and impossibility" of poetic translation – one of the "eternal" problems, which, having not found a solution in the world of translation science, has caused a lot of discussion. Two versions of the Russian translation and the English translation are compared with the original, analyzed at the textual and extra-textual level, and possible predictions are made. Changes in translation are considered from the point of view of the impact on the thoughts and intentions of the original author and wording. This is the practical value of the study.

As a result, it is concluded that a poetry translator must have not only the general linguistic competence of the original language and the target language, but also the literary and poetic language and style of both sides, a system of cultural values, history, and even study in advance the life and work of the author, the purpose of writing this poem, the characteristics of his time and society, have poetic abilities.

Keywords: Magzhan Zhumabaev, poetry, poetic translation, linguopoetics, means of artistic expressions.

А.Е.Алпысбаева^{1*}, С.А. Ашимханова¹,
С.К. Искиндиринова², А.А. Молдасанова³

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актюбе, Казахстан

³Международный университет информационных технологий, Алматы, Казахстан

*e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru

Лингвопоэтика стихотворения Магжана Жумабаева «Слово хромого Тимура» и его переводы на русский и английский языки

В статье рассматриваются лингвопоэтика известного стихотворения Магжана Жумабаева «Слово Хромого Тимура» (текстуальное и экстратекстуальное) и особенности его перевода на русский, английский языки. Поэтический перевод – вершина художественного перевода, в котором каждое слово и количество слов, использованных автором ограничено, каждый лингвистический и экстралингвистический элемент имеет свою функцию, свое место, эксплицитное и имплицитное содержание. Поэтому не каждый переводчик осмеливается переводить стихи. Очевидно, что переводить поэта-лирика, символиста, такого как Магжан Жумабаев, не так-то просто. Поэтому целью исследовательской статьи является интерпретация и формулирование характера перевода на русский и английский языки внутреннего и внешнего художественного образа стихотворения «Слово Хромого Тимура», бытия переводческих преобразований, произошедших в процессе перевода.

В статье за основу берутся размышления ученых о «возможности и невозможности» поэтического перевода – одной из «вечных» проблем, которая, не найдя решения в мировой переводоведческой науке, вызвала много дискуссий. Два варианта русского перевода и английский перевод сравниваются с оригиналом, анализируются на текстовом и внетекстовом уровне и делаются возможные прогнозы. Изменения в переводе рассматриваются с точки зрения воздействия на мысли и намерения автора оригинала, формулировки. В этом и заключается практическая ценность исследования.

В результате делается вывод о том, что переводчик поэзии должен обладать не только общей языковой компетенцией языка оригинала и языка перевода, но и литературно-поэтическим языком и стилем обеих сторон, системой культурных ценностей, историей, даже заранее изучить жизнь и творчество автора, цель написания этого стихотворения, особенности его времени и общества, иметь поэтические способности.

Ключевые слова: Магжан Жумабаев, поэзия, поэтический перевод, лингвопоэтика, средства художественной изобразительности.

Кіріспе

Қазақтың біртуар ақыны Мағжан Жұмабаевтың жиырма өлеңі алғаш рет 2018 жылы ағылшын тіліне аударылып шықты. Бұл ақын шығармашылығын әлемдік қауымдастыққа танытуда елеулі оқиға болды. Ағылшын тіліндегі аудармашы Американың Колумбия университетінде алғаш докторлық диссертация қорғаған өзбек, америкалық ғалым, түрік тарихшысы және саясаткер Тимур Кожаоглу болды. 6 жасынан әкесі арқылы Мағжан ақын шығармашылығымен танысып, оқып, ғалым болған шағында тәржімалаған аудармашының еңбегі зор. Әрі қазақ әдебиетінің көптеген классикалық туындылары ағылшын тіліне орыс тілі арқылы аударылып, көптеген мағыналық өзгерістер мен омиссияға ұшырап жатса, өзбек ғалымы аударманы тікелей қазақ тілінен жасайды. Ғалымға поэтикалық ағылшын тіліне аударуға америкалық ақын Мелл Кенне қол ұшын береді (Алпысбаева, 2020: 315).

Алайда, жалпы М. Жұмабаевтың өзге тілдердегі аудармалары осы уақытқа дейін поэтикалық аударма теориясы мен практикасы тұрғысынан талданып, ой елегінен өткізілген емес. Аударма талдауы мен сыны не үшін маңызды? Ол қазіргі жасалып отырған аударманың артық-кем тұсын анықтап, аударма тәжірибесін дамыту, болашақ аудармалардың сапасын арттырудың бірден-бір жолы. Сол себепті аталмыш мақалада ақынның белгілі тарихи-философиялық өлеңі «Ақсақ Темір сөзі» өлеңінің орыс және ағылшын тіліндегі аудармаларын семантико-құрылымдық тұрғыдан талдауды мақсат етеміз.

Поэзия аудармасы – көркем аударманың ең қиын белесі. Себебі поэтикалық аударма аудармашыдан жалпы түпнұсқа мен аударма тілін ғана жетік білуді емес, екі тілдің барлық қырсырын, көркемдік қабаттарын, сөз ойынын тереңнен танып, түйсініп, аударылатын тілде дәл солай әуезді, әсем, сөзден құралған өрнектей қылып жеткізуі қажет. Түпнұсқа тілінде ақын өлеңді қалай бар жанын салып жазса, аудармашы да солай бар талантын сарп етеді. Тіпті, ақын өмірімен жете танысып, ол өмір сүрген заманды, тіршілік тынысын көз алдына елестете отырып, осы өлеңді жазуға ақынды не итермеледі, қандай сезім, мақсат пен интенция алып келді деп сырласуға да тура келеді. Сөз арқылы оқырманға жол тартқан өлең жолдарындағы автордың жан тербелісі мен толғанысын өз бойынан өткізуге

тырысады. Әсіресе, Мағжандай тағдыр жолы қилы, басынан көп қиындық өткерген, тар жол, тайғақта өмір сүрген символист, жаңашыл, патриот, лирик ақынды тәржімелеу – үлкен жауапкершілік.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы – М. Жұмабаевтың «Әмір Темір сөзі» өлеңі және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармалары болып табылады. Орыс тіліндегі аударма авторлары Ә. Қодар мен Қ. Бақбергенов. Ағылшын тіліндегі аударма авторлары – Т. Кожаоглу мен М. Кенне.

Жалпы, «Әмір Темір сөзі» өлеңі әрқайсысы төрт жолдан құралған үш шумақ, екі бунақтан тұратын, 7, 8, 9 буынды өлең. Бірінші шумағы ерікті, екінші шумағы шұбыртпалы, үшінші шумағы шалыс ұйқасқа негізделген.

Үш шумақтан ғана құралған өлең жолы өте үлкен семантикалық, эстетикалық сыйымдылыққа ие. Бірінші шумағынан күрделі метафоралық гиперболадан бастау алатын өлең ерекше дыбыстық үйлесімділікке негізделген. Өлеңнің осы сыртқы метрикалық және дыбыстық құрылымы, мазмұндық-көркемдік жүйесі түпнұсқа/аударма жұбында салыстырмалы семантикалық-құрылымдық талдауға түседі. Талдау нәтижесінде аудармада орын алған трансформациялар мен олардың түпнұсқаның композициясы мен мағыналық құрылымына тигізген әсері тұрғысынан тұжырым жасалады.

Немесе мұндай талдауды Х.Д. Вахид (2008) моделі бойынша деп атайды. Яғни, өлең аудармасы текстуалды және экстра текстуалды деңгейде қарастырылады. Текстуалды деңгейде өлеңнің жалпы формасы талданады, оған рифма, шумақ, аллитерация, ассонанс, қарапайым және күрделі сөз тіркестері, импликация, теңеу, метафора және басқа да әдеби категориялар, тон (оның тыңдаушысына жеңіл немесе байсалды, мұнды немесе эвлогистикалық, лирикалық немесе ескерту, ирониялық немесе тікелей ашулы немесе сүйіспеншілікке толы болуы мүмкін қатынас және т.б.) хабарлама болып табылатын мазмұн жатады (Вахид, 2008: 7). Поэзияны мәтіннен тыс талдауда мәдени ерекшеліктерді назарда ұстай отырып, бастапқы және мақсатты мәтіндердің прагматикасы мен дискурсы талданады, өйткені әрбір мәдениеттің өзіндік ерекшелігі бар.

Демек, зерттеу мақаласындағы талдау сапалық және сандық (метрикалық көрсеткіштер) әдіс арқылы жүзеге асады.

Әдебиеттерге шолу

Поэтикалық аударма ұғымын тұжырымдау барысында лингвистикалық және әдеби бағыттарды ажыратуға болады. Әуел баста аударманың жалпы теорияларында поэтикалық аударма түсінігі аударма ұғымы аясында қарастырылды. Әлі күнге дейін аудармашы ғалымдардың пікірі өлең аудармасын жасау мүмкін және мүмкін емес деген екі векторға ажырайды. Мысалы, П. Робинсон өзінің белгілі «Поэзия және аударма» атты еңбегінде «поэзия аудармасы мүмкін емес, оны аударудың бір ғана жолы түсіндіру (интерпретация)» (Робинсон, 2021: 19) дейді. Осыған ұқсас пікірді С. Хан айтады: «Аудармаға ұшырайтын кез келген дүние фонологиялық, синтаксистік немесе семантикалық деңгейде аударылатын тіл мен мәдениетке бейімдеу үшін белгілі бір өзгеріске ұшырайды. Себебі ешқандай екі тіл толық сәйкестік көрсете алмайды, өзгеріс қалай да орын алады» (Хан, 2021: 32).

Аталмыш мүмкін еместен мүмкінге қарай өтер болсақ, В.Н. Комиссаров аударманы «түпнұсқаның шет тіліндегі мәтінінің мазмұны осы тілде коммуникативті-эквивалентті мәтін құру арқылы басқа тілге берілетін тілдік делдалдық түрі» деп анықтайды (Комиссаров, 1990: 248). Поэтикалық аударманың дербес жеке теориясы әзірге түпкілікті жолға қойылмаған, өлең аудармасы ұғымы жалпы көркем аударманың теорияларында қамтылған. Яғни, жанрлық-стистикалық классификацияға сүйенсек, поэтикалық аударма оқырманға эстетикалық әсер етуді мақсат ететін көркем аударманың бір түрі ретінде қарастырылады.

Аударма ілімінің эволюциясы үдерісінде поэтикалық аударма ұғымына адекваттылық пен эквиваленттілік тұрғысынан да назар аударыла бастады. А.Д.Швейтцер «поэтикалық баламалылықты» анықтап, «аударманың идеалды стандартына» назар аударуды ұсынады (Швейтцер, 1988: 91). Сонымен бірге, ол поэтикалық аударманы зерттемей, аударманың жалпы принциптерін көрсету үшін материал ретінде пайдаланады. Я.Л. Либерман поэтикалық аударма концепциясында «автордың дүниетанымын, оның жеке қасиеттерін, көңіл-күйі мен сезімін, оқырман-

ның эмоционалды-психологиялық сезімталдығын білдіретін шығарманың эмоционалды-психологиялық потенциалы» (Либерман, 1995: 7) ұғымын ерекше көрсетеді. Яғни, аудармашы еңбекті қаншалықты түсініп, сезіне алатынына байланысты. Ең жақсы аударма – потенциал мен сезімталдық сәйкес келетін аударма. С.Ф.Гончаренконың анықтамасы бойынша поэтикалық аударма «бір тілде жасалған поэтикалық мәтінді аударма тілдегі поэтикалық мәтінді пайдалана отырып аудару» (Гончаренко, 2018: 10). Ол концептуалды және эстетикалық ақпараты бойынша түпнұсқа мәтінге тең келетін, бірақ қажет болған жағдайда басқа тілдік немесе өлең формаларын қолдана алатын жаңа поэтикалық мәтін жасалуы керек деп есептейді.

Н.В. Шутемова «поэтикалық аударманы шетел әдебиетінің көркемдік құндылықтарын қабылдаушы мәдениетте көрсетуге бағытталған мәдени құндылықтарды жасау бойынша шығармашылық қызмет» (Шутемова, 2012: 228) деп санайды. Сонымен бірге ол мәтін түрінің сипаттамалары аударманың негізгі мәселелерін анықтайтын маңызды факторлар деп санайды.

И.С. Алексеева поэтикалық форманың құрамдас бөліктері мен образдар жүйесін сақтаудың келесі негізгі талаптарын тұжырымдаған:

1) өлшемді және бунақты сақтау;

2) ырғақтылықты сақтау, яғни рифманың екпінді бөлігінің болуы немесе болмауы, өйткені екпінді соңғы буынның алдындағы буынға түскен ұйқасты екпінді соңғы буынға түскен ұйқаспен ауыстыру өлеңнің музыкалық интонациясын екпінді, жігерліден әуезді ұяңға өзгертеді;

3) ұйқастардың кезектесу түрін сақтай отырып: аралас ұйқас – ән құрылымы үшін, шалыс ұйқас – сюжеттік баяндау үшін, сақина ұйқас – сонет формасы үшін;

4) дыбыс жазбасының толық немесе негізінен сақталуын;

5) өлеңдегі лексикалық және синтаксистік қайталаулардың саны мен орнын сақтау;

6) түпнұсқа верификация жүйесіне жақын аналогты іздеу;

7) бейнелер жүйесін білдіру құралдарының адекватты берілуі (стилистикалық, синтаксистік, морфологиялық, троптардың табиғаты, лексикология, узус және кодификация) (Алексеева, 2008: 186).

Сондай-ақ, ғалым «поэтикалық шығарманың поэтикалық формасын дұрыс жеткізу

– аудармашының ең маңызды міндеті» деп қорытындылайды (Алексеева, 2008: 186). Отандық мәнмәтінде поэтикалық аударма бойынша ой тұжырымдап, салыстырмалы талдау жасап, елеулі еңбектер жазған ғалымдардың бірі Ж. Дәдебаев. Ғалым «Әдеби компаративистика және көркем аударма» атты еңбегінде теориямен қатар Абай өлеңдерінің аудармаларына салыстырмалы құрылымдық-семантикалық терең талдау ұсынады. «Оқу құралында салыстырмалы талдауға ұсынылған әдеби үлгілер екі тілде ғана беріліп отыр. Бұл тілдердің қатарын арттырудың еш қиындығы жоқ» (Дәдебаев, 2013: 3) делінген. Біздің зерттеуімізде үш тіл арасында салыстырмалы талдау орын алады.

Сонымен қатар, поэтикалық аударма жайында елеулі еңбектердің бірі ретінде С. Абдрахмановтың «Перевод поэзии и поэзия перевода» (2008) атты көлемді зерттеуін атап өтпеске болмайды. Автор жалпы аударманың табиғаты мен тарихын түгел саралап, поэтикалық аударма қиыншылықтары мен ерекшеліктеріне тоқталып, өлең аудармаларына талдау сыни талдау жасайды. С. Абдрахманов поэзия аудармасында сөзбе-сөз аудармадан алшақ болу қажет дейді. Себебі «Сөзбе-сөз аудармадан әдетте сүйегі ғана қалған, құрғақ шумақтар туады» (Абдрахманов, 2008: 117).

Нәтижелері мен талқылау

Ең алдымен, әрине, өлең атауының аудармасына назар аударамыз. Орыс тілінде екі аудармада да *Слово хромого Тимура* деп дәл баламасы берілген (Кесте 1 қараңыз). Ал, ағылшын тіліне глобализация әдісімен *Tamerlane's word* (Темірланның сөзі) деп тәржімаланған. Аудармада глобализация әдісі жергілікті колориттен жалпыға ортақ, таныс баламамен аударуды меңзейді. Ағылшын тілі жаһандық тіл болғандықтан, ағылшын тілінде Ақсақ Темірдің *Tamerlane* деген көпшілікке таныс, қалыптасқан аудармасы бар. Сонымен қатар, ағылшын тілінде *ақсақ* анықтауышы оmissияға ұшыраған. Бірақ тарихи тұлғаның ақсақ болғаны бәріне белгілі факт болғандықтан, бұл анықтауыштың аудармада түсіп қалуы мақсатты оқырмандарға бас кейіпкердің қалыптасқан образын қабылдауға кедергі келтірмейді. Демек, қай әдіс болмасын, түпнұсқа мағынасын толық жеткізіп тұр.

Өлеңнің аты атап тұрғандай, алғашқы екі шумақ Әмір Темірдің өзі сөйлегендей бірінші жақтан баяндалады. Алғашқы шумақтың екі жолы өте әсерлі гиперболаға негізделген метафорамен беріледі. «*Жиһан деген не нәрсе? – Алақанның ауданы!*» деп бар әлемді алақанның ауданындай ғана деп әсірелейді. Бұл Әмір Темірдің ғаламат рухы мен күшін көрсетеді. «Жиһан – алақанның ауданы» метафоралық теңестіруін Ә. Қодар *Что означает слово «мир»? То, что вмещается в ладонь* деп жай сөзбен интерпретациялап тәржімаласа, Қ. Бакбергенов *Мир ничтожен и мал, Я держу этот мир на руке* деп модуляция көмегімен тәржімалайды. Әрі екінші аудармада түпнұсқадағы сұрақ-жауап формасы жоғалған. Екі аудармада да нақты метафоралық қалпын сақтамағанымен, мағынасын жеткізген. Ағылшын тіліне “*What is that you call it world? A place as small as a palm!*, яғни *as small as a palm - алақандай кішкентай жер*» деп тенеуге трансформациялап, сұрақ-жауап қалпын сақтап аударды. Жалпы, метафораны аудармада жеткізудің ең тиімді әдісі мен амалы жайында көптеген зерттеулер орын алған. Көбісі бейнелі образды аудару кезінде ең маңызды қағида: «аударма түпнұсқамен бірдей мағына беріп, сол эмоционалды әсерді тудыруы керек» деген пайымға тоқталады. Поэзия аудармашысының образды бейнелер мен символдарғы эстетикалық сезімталдығы, сондай-ақ метафораның мағынасын берудің көптеген мүмкіндіктерінің ішінен тиімді әдісін таңдау қабілеті мен аудармашылық қырағылығы болуы керек. Метафора әмбебап [«әйнек» көзқарас], мәдени [«сыра» бет] немесе жеке (авторлық) [«*Жиһан деген не нәрсе? – Алақанның ауданы!*»] болуы мүмкін. П. Ньюмарк метафораның алты түрі бар екенін айтады: өлі, клише, стандартты, бейімделген, заманауи және авторлық (Ньюмарк, 2004: 125). Ал, ақынның аталмыш өлеңіндегі метафоралардың барлығы дерлік авторлық болып табылады. П. Ньюмарк автордың метафораларын мүмкіндігінше түпнұсқаға жақын етіп беру керек деп есептеді, себебі: а) авторлық метафора автордың жеке стилі мен тұлғасын көрсетеді және б) авторлық метафора мақсатты тілдің сөздік қорын байытуға ықпал етеді (Ньюмарк, 2004: 125). Осылайша, ол автордың метафораларын сөзбе-сөз дерлік аударуды ұсынды. Алайда, егер аудармашы метафорада реципиентке түсініксіз болуы мүмкін

мәдени элементтер бар деп ойласа, аударманы мақсатты аудиторияға бөгде, таныс емес бейнені танысқа, түсініктіге ауыстыру арқылы оқырманға бейімдеу қажет деп пайымдады.

Бірінші шумақтың үшінші жолындағы мөлшер жайында ақпарат беріп тұрған *көп Тәңірі* деген анықтауыш сөз (көп) орыс тіліндегі екі аудармада да *двам богам* деп нақты сандық анықтауышпен тәржімаланады. Яғни, бұл тұста аудармашы нақтылау (конкретизация) лексикалық трансформациясын қолданады. Ал, ағылшын тіліне аудармашы *more than one god* (бір құдайдан көбірек) деп модуляция арқылы дәл түпнұсқадағы мағынаны жеткізеді.

Екінші шумақ толығымен дыбыс ойынына құралған. Дауыстылар мен дауыссыздар бірдей әрқайсысы тұтас бір музыкалық ырғақ тудырып тұр: *Тәңірі – көктің Тәңірісі Күңіренсін, көгін билесін! Жер Тәңірісі Темірмін, Жеріме Тәңірі тимесін!* Аталмыш дыбыс үйлесімділігін аудармалардың ешқайсысында қайталай алмаған. Поэтикалық аудармада түпнұсқадағы дыбыс гармониясын сақтау өте қиын мәселелердің бірі. Поэзиядағы дыбыс – мағынаның көрінісі қызметін атқаратын мазмұнның маңызды бөлігі. Дыбыс музыкалық атмосфераны тудырады. Ол шығармаға белгілі бір көңіл-күй сыйлай отырып, ассоциацияларды қалыптастырады. Фонетикалық форманың маңызды элементтері соңғы және ішкі рифмалар, рифма реті, екпіні соңғы буынның алдындағы буынға түскен ұйқас пен екпіні соңғы буынға түсетін ұйқастың арақатынасы, аллитерация, ассонанс, фонетикалық анафора мен эпифора, паронимия, дыбыстардың қайталануы, ономотопея т.б. фоностилистиканы құрайды. Фонетикалық стилистикалық құралдардың бүкіл спектрін эвфония ілімі қарастырады. Көркем шығарманың эвфониясын қамтамасыз етудегі ең маңызды рөлді ырғақ жасау және қайталаудың эвфониялық түрлерін қолдану атқарады. Ал, оның аудармада көрінісі табуы аудармашыдан үлкен шеберлікті талап етеді және көбінесе мақсатты тілдегі функционалды аналог көмегімен тәржімаланады.

Бұл шумақта және оның аудармаларында ерекше атап өтетін тағы бір тұсы – *Тәңірі* сөзінің қолданысы мен аудармасы. Жалпы, ақынның өлеңде Құдай, Алла немесе Жаратқан емес, дәл *Тәңірі* сөзін қолдануының өзін-

дік мәні бар әрі белсенді семантикалық қызмет атқарып тұр (3 шумақта 7 рет қолданысқа түседі). *Тәңірі* – түркілердің ең жоғарғы әрі жалғыз құдайы. Түркі халқы өздерін «көк бөрі емген, көк Тәңіріне сенген түркіміз» деп атайды. «Көк Тәңірі – ол түркілердің ең жоғары құдайы. Тәңірді аспандағы жалғыз жаратушы әрі басқарушы Құдай деп білген, оған табынған» (Әлімбаев, 2011: 197). Сондықтан ақын күллі түркі халқына ортақ *Тәңірі* атауын қолданады. Мұны түсінген Қ. Бакбергенов оны сол қалпында транскрипциялап *Тенгри* деп тәржімалайды. Қалған аудармаларда мақсатты мәдениеттегі функционалды эквиваленттерімен орыс тілінде *Бог*, ағылшын тілінде *God, Lord* сөздерімен аударылған. Мұндай аударма стратегиясын глобализация деп атайды. Яғни, аудармашы жалпыға ортақ түсінікті атаумен аудару шешімін қабылдаған. Ал, Қ. Бакбергенов *Тенгри* деп тәржімалап, еш мәтіннен тыс түсінік бермеген. Мұның себебі жалпыға ортақ ғылыми-публицистикалық ортада *Тәңірі* сөзінің орысша *Тенгри* (тәңірлік – тенгрианство) деген қалыптасқан, үйреншікті аудармасының бар болуы деп түсінеміз.

Жалпы, *Тәңірі* сөзінің мағынасын терең түсінген оқырман ақынның *Жер Тәңірісі – Темір* деп Әмір Темірді жердегі ең жоғары құдайға теңеуінің мәнін ұғады. Екінші, үшінші шумақтардағы *Жер Тәңірісі – Темірмін* метафорасы үш тілде де дәл сол қалпында сақталған. *Жер Тәңірісі Темірдің, Тұқымы – түрік, заты – от!*, осы жолдардағы тұқымы – түрік Ә. Қодардың аудармасында *я тюрк, родом тюрк* деп жалпыдан жалқыға өтсе, ағылшын тілінде *Темірдің тұқымы – түрік деп (Has Turks as his kin)* дәл аударлады. Жалпы, орыс тіліндегі екі аудармада да түпнұсқадағы қатыстылық заңы бұзылған. Яғни, *Көк Тәңірісінде* өзінен тараған тұқымы, ұрпағы жоқ болса, *Әмір Темірден* тараған тұқымы – түрік деген ойды *Әмір Темірдің* өзі түріктен деп (*я тюрк; Родом из тюрк*) аударған. *Заты – от* метафорасы бірінші аудармада *родом из огня* деп мағынасын сақтағанымен, формасынан айырылған, екінші аудармада *по сути – огонь* деп мағынасын да, қалпын да сақтайды. Ағылшын тілінде *Has fire as his essence (Заты ретінде оты бар)* деп метафоралық қалпын жоғалтқанымен, мағынасын жеткізеді.

1-кесте – «Ақсақ Темір сөзі» өлеңінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының метрикалық талдауы

Түпнұсқа	А. Кодар аудармасы Слово хромого Тимура	Қ. Бакбергенов аудармасы Слово хромого Тимура	T. Kocaoglu, Mel Kenne Tamerlane's word
4 3 «Жиһан деген// не нәрсе?-/ а	5 3 Что означает//слово «мир»?/ / а	4 2 Мир ничтожен//и мал,// а б 3	3 4 “What is that //you call it world? // а
4 3 Алақанның// ауданы!// б	1 7 То,// что вмещается в ладонь. // б	/ б 3 3 И, поверь,// двум богам// в	2 5 A place//as small as a palm!/ / б
4 4 Бір ауданда//көп Тәңірі// в	5 3 В одной ладони// двум богам// в	4 5 Тесно будет// в одном кулаке. // б	6 2 There is no luxury// to have/ / в
5 3 Болудың тіпті// жоқ сәні//в	6 2 Нелепо ссориться// за трон./ / б	4 2 Правит небом// Тенгри -// а	4 4 More than one god// in a single land. // а
3 6 Тәңірі// - көктің Тәңірісі// а	4 4 Согласен я,// Бог Неба – Бог,/ / а	3 6 Пусть парит// в небесах его трон!// б	5 3 The God is the Lord// of the sky,// а
4 5 Күңіренсін,// көгін билес ін!// а	3 5 Пусть правит// Небом мощью всей!// б	4 2 На земле бог//– Тимур,// в	3 5 He should rule// and roar the re!// б
5 3 Жер Тәңірісі//Темірмін,// а	4 4 А я – Тимур,// я – Бог Земли, в	3 6 Ты, Тенгри,// мою землю не тронь!// б	4 5 Yet I, Timur,// am lord of this earth,// в
3 6 Жеріме//Тәңірі тимесін!// а	4 4 Не тронет пусть// Земли моей! // б	3 3 Сути нет,// рода нет,// а	5 4 The God should not touch// my empire!”// б
5 4 Көк Тәңірісі// - Тәңірінің//а	4 4 Бог Неба – Бог,// но у него//а	3 6 Ты, Тенгри,//- перекатная гол ь!..// б	3 4 The sky’s Lord// who is the God// а
4 3 Тұқымы жоқ,//заты жоқ//б	4 4 Ни рода нет,// ни сути в днях.//б	4 2 На земле бог// – Тимур,// в	3 6 Has no kin //as well as no substance. // б
5 3 Жер Тәңірісі// Темірдің// а	4 4 А я – Тимур,//я – Бог Земли,// в	3 6 Родом тюрк,// а по сути – ого нь!// б	3 5 However,// the Earth’s God Timur// в
5 3 Тұқымы - түрік,// заты - от!// б	2 6 Я тюрк,//что родом из огня!// б	(Жумабаев, 2010: 66)	5 4 Has Turks as his kin//– fire as his essence! // б
(Жұмабаев, 1997: 98)	(Жумабаев, 2006: 21)		(Кожоғлу, 2008: 33)

1-кестеден өлеңнің толық метрикалық талдауын (буын, бунақ, ұйқас) көріп отырмыз. Оны

жалпалайтын болсақ, төмендегідей әріптік-сандық көрсеткіштерді аламыз:

2-кесте – «Ақсақ Темір сөзі» өлеңінің орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларының метрикалық талдауының қорытындысы

Шумақ	Түпнұсқа	Ә. Қодардың аудармасы	Қ. Бакбергеновтың аудармасы	Ағылшын тіліндегі аударма
Бірінші шумақ	абвв, 7,7,8,8 буын	абвб, 8,8,8,8 буын	абвб, 6,9,6,9 буын	абва, 7,7,8,8 буын
Екінші шумақ	аааа, 9,9,8,9 буын	абвб, 8,8,8,8 буын	абвб, 6,9,6,9 буын	абвб, 8,8,9,9 буын
Үшінші шумақ	абаб, 9,7,8,8 буын	абвб, 8,8,8,8 буын	абвб, 6,9,6,9 буын	абвб, 7,9,8,9 буын

Екі тілдегі аударма нұсқаларының барлығы кезекті ұйқасқа құрылғанын көреміз. Буын саны жағынан әр шумақта идеал көрсеткішке Ә. Қодардың аудармасында ие болса, Қ. Бақбергеновтың да аудармасында ырғаққа алып келетін белгілі бір заңдылыққа ие болып тұр. Ағылшын тілінде түпнұсқадағыдай буын саны амплитудасы 7 мен 9 аралығында. Демек, әр аудармашы өлеңнің аудармасын белгілі бір поэтикалық формаға келтіріп тәржімалаған. Қазақ поэтикалық шығармасын ағылшын тіліне аудару кезінде рифманы сақтау мәселесі жиі туындайды, өйткені ағылшын тілінде рифманың өз өзгешелігі бар. 14 ғасырға дейін ағылшын поэзиясында өлеңдерде бірдей немесе ұқсас дауыссыз дыбыстар қайталанатын аллитеративті өлең болған. Ағылшын поэзиясында рифма 14 ғасырдан бастап пайда болды және екпін соңғы буынға түскен ұйқастарға басымдық берілген. 19 ғасырдың аяғында верлибр (еркін өлең) пайда болды. Қазіргі ағылшын тілді поэзия рифмалық формалардан алшақтап барады және еркін өлеңмен жазылған. Сондықтан әдемі ұйқасқа құлақ еті үйренген қазақ тілді оқырмандарға ағылшын поэзиясы қабылдау қиынға соғады.

Сонымен, кез келген өлеңді өнер туындысы десек, поэтикалық аударма арқылы басқа тілде оның жалпы мазмұн проекциясын жасау үшін шығарманың ырғағы мен интонациясынан, буындары мен бунақтарынан құралатын сыртқы графикалық дизайны маңызды рөл атқарады, сонымен қатар өлеңнің белгілі бір мағына элементтеріне фокус түсіреді. Поэтикалық туындының ажырамас қасиеті – оның біртұтастығы және ол бөлінбейді. Сол себепті түпнұсқа шығарманың негізгі ойы мен эстетикалық әсерін де аударма біртұтас болып көрінетіндей етіп, параллель симметрияда жеткізу керек. Форма өзі мазмұнның бір бөлігі бола отырып, оның дамуын анықтайды, сүйемелдеп отырады. Сондықтан поэтикалық аударманың мақсаты идеялық-эстетикалық мазмұнды берумен қатар, қандай да бір семантикалық функцияларға ие формаларды сақтау болып табылады.

Қорытынды

Сонымен, морфология, сөзжасам, лексика және синтаксис – лингвистикалық (тілдік) форманы құрайтын төрт микро деңгей болып табылады. Поэтикалық мәтін әр құрылымы жаңа мағына тудыратын грамматикалық элементтерден (мысалы, тек, сан) тұрады. Сөздердің сөйлемдегі орын тәртібі, инверсия, сөйлемнің ком-

муникативті түрі, өлеңді тасымалдау, тұлғасыз, эллиптикалық және риторикалық құрылымдар, анафора, эпифора, асиндетон мен полисиндетон секілді синтаксистік құралдар да автордың ойын жүзеге асыруға көмектеседі. Өлең композициясының безендірілуі (шумақтарға бөлу және шумақтың көлемі) баяндау желісінің дамуын түсінуге көмектеседі. Аталмыш элементтердің барлығы өлеңнің лингвопоэтикасын құрайды. Лингвопоэтикалық элементтерді өзге тілде жеткізу аудармашыдан тілдік күзінеттілікпен қатар түпнұсқа және аударма тілі әдебиетін, әдеби тілдік қорын, өлең жазу мәнері мен дәстүрін, мәдениетін тереңінен танып-білуді, ақындық қабілетті талап етеді.

Аталмыш мақалада М. Жұмабаевтың белгілі «Ақсақ Темір сөзі» өлеңінің лингвопоэтикасы мен оның орыс, ағылшын тілдеріне аударылуы талданды. Талдау барысында аударманың үш нұсқасында да белгілі біо поэтикалық форма сақталғаны анықталды. Бірақ ағылшын тілімен салыстырғанда орыс тіліндегі екі аудармада да аудармашылар буын саны мен ұйқасқа келгенде идеалға үмтылған. Ал ағылшын тілінде керісінше абсолют симметрия байқалмайды. Мұның себебі жалпы ағылшын тілінде өлең жазу мәнері деп білеміз. Ағылшын поэзиясында ұйқас пен ырғақтың толық симметриясы басымдыққа ие емес. Бунақ саны болса үш аудармада да түпнұсқаға сай.

Әдеби троптарға келер болсақ, бірінші шумақтағы күрделі метафора орыс және ағылшын тілдерінде интерпретация арқылы аударылады. Яғни, метафоралық форма жоғалғанымен мағынасы сақталған. Екінші шумақтағы метафора барлық аудармада өз формасы мен семантикасын сақтағанымен, дыбыс ойынын аудармашылар қайталай алмаған. Үшінші шумақта орыс тіліндегі аудармада түпнұсқада аталып тұрған екі нәрсенің арасындағы (*Жер Тәңірісі Темірдің, Тұқымы – түрік, заты – от!*) бір-біріне қатыстылығы өзгеріске ұшырап, біраз мағыналық ауытқушылыққа алып келген.

Ал, түпнұсқадағы концептуалды философиялық мәнге ие, өлең бойында семантикалық белсенді қызмет атқарып тұрған Тәңірі сөзі тек Қ. Бақбергеновтың аудармасында транскрипцияланып аударылып, сыртқы тұлғасын сақтаған.

Қорытындылай келе, қазақтың символист ақыны, Алаштың белгілі тұлғасы Мағжан Жұмабаевтың басқа да туындыларының өзге тілдерге сауатты да сапалы аударылуы үшін қазіргі бар аудармаларын ой мен сын елегінен өткізіп, ар-

тық-кем тұстарын анықтап, аударма теориясы мен тәжірибесі тұрғысынан кешенді талдау жасап, ғылыми қауыммен бөлісіп отыру аса маңызды, отандық аударматану саласының ғылыми дискурсын дамытуға сүбелі үлес қосады.

«Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР19175235 «М. Жұмабаев поэзиясының лингвопоэтикасы: аударылу ерекшеліктері мен стратегиялары» ғылыми жобасы аясында жазылды».

References

- Alpysbaeva, A.E., Aşimhanova, S.A. (2020). Mağjandy Şekspirdiñ tilinde söiletken [The one who translated Magzhan into Shakespear's language]. Ş. Uälihanov atyndaғы КМУ Habarşysy.Filologialyq seria [Bulletin of KSU named after sh. Ualikhanov. Philological series]. Vol. 4 (1), P. 315-322. (In Kazakh)
- Alekseeva, I.S. (2008). Professional'nyj trening perevodchika. Uchebnoe posobie po ustnomu i pis'mennomu perevodu dlya perevodchikov i prepodavatelej [Professional translator training. A textbook on interpretation and translation for translators and teachers]. Spb. Soyuz. (In Russian)
- Älimbai, N. (2011). Qazaqtyñ etnografialyq kategorialar, üğymdar men ataularynyñ дәstürlü jüiesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Ensiklopedia. In 5 Vol. Almaty. DPS. Vol. 3. (In Kazakh)
- Abdrakhmanov, S. (2008). Perevod poezii i poeziya perevoda [Translation of poetry and poetry of translation]. Almaty. Audarma Publ. (In Russian)
- Dadebayev, Zh. (2013). Adebı komparativistika zhane korkem audarma [Comparative literature and literary translation]. Almaty. (In Kazakh)
- Goncharenko, S. (2018). Poetry and poetry translation: constants and variability. Notebook of translator N24 V. Literary translation as intercultural communication. BRIDGES. TRANSLATORS' MAGAZINE. Moscow. R.Valent. Vol. 1(57), P. 3-14.
- Khan, S. (2020). Adaptation or Translation: A Comparative Analysis of English Animation Dubbed into the Hindi Language. International Journal of Innovation, Creativity and Change. Vol. 14 (13), P.1443-1463.
- Komissarov, V. N. (1990). Teoriya perevoda (lingvisticheskie aspekty) [Translation theory (linguistic aspects)]. Moscow. Vyssh. shk. (In Russian)
- Kocaoglu, T. (2018). Poet of flame, liberty and love. Astana. Nauka.
- Jūmabaev, M. (1995). Şyğarmalar jınaғы [Collection of works]. Almaty. Sanat. (In Kazakh)
- Lieberman, YA.L. (1995). Kak perevodyat stihı (zametki o perevode evrejskoj i ne tol'ko evrejskoj poezii) [How poetry is translated (notes on the translation of Jewish and not only Jewish poetry)]. Ekaterinburg. Izd-vo Ural'sk. Gos. Un-ta. (In Russian)
- Newmark, P. (2004). A textbook of translation. Harlow. Longman.
- Robinson, P. (2021). Poetry&Translation: The Art of the Impossible (Poetry and LUP) Paperback. Liverpool University Press.
- Shvejcer, A.D. (1988). Teoriya perevoda: Status, problemy, aspekty [Translation theory: Status, problems, aspects]. – Moscow. Nauka. (In Russian)
- Shutyomova, N.V. (2012). Problema “yazyk i stih” v poeticheskom perevode [The problem of “language and verse” in poetic translation]. Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo lingvisticheskogo universiteta [Bulletin of the Moscow State Linguistic University]. Vol. 9 (642), P. 227-235. (In Russian)
- Vahid, H.D., Nahimshafaii, H., Jannesaari, Z. (2008). Translation of poetry: towards a practical model for translation analysis and assessment of poetic discourse. Journal of Language and Translation. Vol. 9(1), P. 7-40.
- Zhumabayev, M. (2006). Stihı, proza i literaturnye issledovaniya: sbornik [Poetry, prose and literary studies: collection]. Petropavlovsk. Akimat Sev. (In Russian)
- Zhumabayev, M. (2010). Prorok. Stihı, poemy, rasskaz [Verses, poems and stories]. Astana. Audarma. (In Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Алтысбаева Айгүл Ерболатқызы – PhD, жетекші ғылыми қызметкер, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru);

Ашимханова Светлана Ашимхановна – филология ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: Svetlana-1943@mail.ru);

Искиндиrowa Салтанат Қуатовна – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Ақтөбе қ., Қазақстан, e-mail: s.iskindirova@mail.ru);

Молдасанова Айсулу Аблақимовна – филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Халықаралық ақпараттық технологиялар университеті (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: d.moldassanova@gmail.com).

Информация об авторах:

Алтысбаева Айгүл Ерболатқызы – PhD, ведущий научный сотрудник, КазНУ имени аль-Фараби (г. Алматы қ., Казахстан, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru);

Ашимханова Светлана Ашимхановна – доктор филологических наук, профессор, КазНУ имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан, e-mail: Svetlana-1943@mail.ru);

Искинди́рова Салтанат Куатовна – кандидат филологических наук, доцент, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова (г. Актөбе, Қазақстан, e-mail: s.iskindirova@mail.ru);

Молдасанова Айсүлу Аблакимовна – кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Международный университет информационных технологий (Алматы қ., Қазақстан, e-mail: d.moldassanova@gmail.com).

Information about authors:

Alpysbaeva Aigul Yerbolatkyzy – PhD, leading researcher, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: aygul.alpysbaeva.91@mail.ru);

Ashimkhanova Svetlana Ashimkhanovna – Doctor of Philology, Professor, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: Svetlana-1943@mail.ru);

Iskindirova Saltanat Kuatovna – Candidate of Philology, Associate Professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov (Aktobe, Kazakhstan, e-mail: s.iskindirova@mail.ru);

Moldassanova Aisulu Ablakimovna – Candidate of Philology, Associate Professor, International University of Information Technologies (Almaty, Kazakhstan, e-mail: d.moldassanova@gmail.com).

Келіп түсті: 17 маусым 2024 жыл.

Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл.